

6B01561 - География-тарих білім беру бағдарламасына

ПІКІР

Білім беру бағдарламасының деңгейі: бакалавриат

Марғұлан университеті жаратылыстану жоғары мектебінің 6B01561 - География-Тарих білім беру бағдарламасы мамандықтың үлгілік оқу жоспарына, Жоғары білім беру мамандығының классификаторы (бакалавриат), педагогтың кәсіби стандартына, Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублиндік дескрипторларға сәйкес әзірленген.

География және тарих ББ профессор-оқытушылар құрамы әзірлеген жаңартылған білім беру бағдарламасы білім алушыларды (6B01561 - география-тарих) бағыты бойынша даярлауды жүзеге асырады. Осы білім беру бағдарламасын игеру кезінде "6B01561 - География-Тарих" мамандығы бойынша "Білім бакалавры" академиялық дәрежесі, "География және тарих мұғалімі" біліктілігі беріледі. Бағдарламаны игерудің нормативтік мерзімі-4 жыл. Оқыту түрі – күндізгі.

Негізгі пәндер циклінің модульдерін оқып-үйретудің мақсаты түлектердің мамандық бойынша жұмысқа орналасу және кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру, білім беру мен кәсіптік құзіреттілік саласындағы жеке бағдарламаларды таңдау үшін бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған ғылыми-педагогикалық зерттеулер дағдыларын қамтиды.

Оқу пәндерінің, педагогикалық және оқу практикаларының мазмұны оларда бағдарламаны игерудің жоспарланған нәтижелерімен байланысты пән немесе практика бойынша жоспарланған оқыту нәтижелерінің тізбесінің болуын куәландырады. Білім беру бағдарламасында құзіреттіліктер мен оқыту нәтижелері тиімді байланыса, нақты тұжырымдалған.

Бағдарламаның күшті жақтары ретінде оны іске асыруға оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес келетін базалық білімі бар тәжірибелі профессорлық-педагогикалық құрам, сондай-ақ білім беру саласындағы кәсіби даму траекторияларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жұмыс берушілер тартылатының атап өткен жөн. Білім беру бағдарламасына еңгізілген пәндер білім берудің өзекті мәселелерінің мәнін ашады. Құрылымы қисынды және дәйекті.

Ұсынылған 6B01561-География-Тарих жоғары білім беру бағдарламасы Павлодар педагогикалық университетінде оқу процесін сапалы іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «№7 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

М.Б. Асаинов – Асаинов М.Б.